

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

Амантаева Ақжібек

Кәсіпорында интеграцияланған сапа жүйелерін дамыту

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07105– «Өнеркәсіптік инженерия»

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

Стандартау, сертификаттау және метрология кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі,
т.ғ.к., PhD
Ережеп Д.Е.

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «ҚазНУ им.И.И.Сатпаева»
«Институт Энергетик» 2024ж.
и машиностроения

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Кәсіпорында интеграцияланған сапа жүйелерін дамыту»

Білім беру бағдарламасы: 6B07501 – Өнеркәсіптік инженерия

Орындаған:


Амантаева Ақжібек Аралқызы


Рецензент:

В.Г.Фесенков атындағы институтының
аға ғылыми қызметкері, PhD

Ғылыми жетекші:

Қауымдастырылған профессор,
х.ғ.к.

 Тыңенгулова А. Ж.

 Баймаханов Ғ.А.

«10» шыңы 2024ж.

«26» 05. 2024ж.



Алматы, 2024 г.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,
Стандарттау, сертификаттау және



Дипломдық жұмысты орындауға тапсырма
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Амантаева Ақжібек

Тақырыбы: Кәсіпорында интеграцияланған сапа жүйелерін дамыту

Университет ректорының «4 желтоқсан» 2023ж. №548-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі:

Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: мекеме құжаттары

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- a) Мұнай өнімдерін қолдану
- b) Мұнай өнімдерінің сапасын анықтау
- c) Сапаны анықтауда статистикалық бақылау
- d) Сапа менеджмент ішкі аудитын ұйымдастыру
- e) Интеграцияланған басқару жүйесі жөніндегі басшылық
- f) Нәтижелерін бағалау

АҢДАТПА

Ұсынылып отырған ЖШС “North Caspian Operating Company” мекемесінің интеграцияланған сапа менеджмент элементін талдау дипломдық жұмысында ҚР экономикасының шикізат негізін қалайтын өндірістердің бірі. Өндірілетін мұнай өнімінің сапасын анықтайтын әдістер түрлері, олардың ерекшеліктері қарастырылған. СМЖ принциптері мен ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстарының теориялық негіздемелері келтірілген.

Қызмет сапасын жоғарылатуға әсер етуші факторлар талданып, қызмет түрлері, олардың сипаты, құрылысы және пайдалану ерекшеліктері зерттелген.

Қызметкерлердің қауіпсіздігі үшін еңбекті қорғауға байланысты барлық негізгі заңдар, санитарлы нормалар мен ережелер сақталған, сондай-ақ мекемедегі интеграцияланған сапа менеджмент жүйесінің тиімділігі анықталған.

АННОТАЦИЯ

Анализ интегрированного элемента управления качеством предлагаемого ТОО «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» является одной из отраслей, составляющих сырьевую основу экономики Республики Казахстан. Рассмотрены виды методов определения качества производимых нефтепродуктов, их особенности. Представлены теоретические основы принципов и организационно-методические работы СМК.

Проанализированы факторы, влияющие на улучшение качества обслуживания, изучены виды услуг, их природа, структура и особенности использования.

Для безопасности работников соблюдаются все основные законы, санитарные нормы и правила, связанные с охраной труда, определяется эффективность интегрированной системы менеджмента качества в предприятии.

ANNOTATION

Analysis of the integrated quality management element of the proposed North Caspian Operating Company LLP is one of the industries that form the raw materials basis of the economy of the Republic of Kazakhstan. The types of methods for determining the quality of produced petroleum products and their features are considered. The theoretical foundations of the principles and organizational and methodological work of the QMS are presented.

The factors influencing the improvement of service quality are analyzed, the types of services, their nature, structure and features of use are studied.

For the safety of workers, all basic laws, sanitary standards and rules related to labor protection are observed, and the effectiveness of the integrated quality management system in the enterprise is determined.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	6
1 Дипломдық жобаны дайындау барысында алғашқы мәлімет	7
1.1 ЖШС “North Caspian Operating Company” кенорнының жалпы сипаты	7
1.2 Мұнай өнімдерді қолдану салалары және мақсаттары	
1.3 Мұнай өнімдерінің классификациясы	
1.4 ЖШС “North Caspian Operating Company” кенорнындағы мұнай өндірісінің сапалық көрсеткіштері	
1.5 Сапа көрсеткіштерінің номенклатурасын анықтау және бағалау	8
2 “North Caspian Operating Company” ЖШС-нің қызмет сапасын жетілдіру	11
2.1 Сапа менеджмент жүйесін талдау	
2.1.1 СМЖ ішкі аудитын ұйымдастыру	
2.1.2 СМЖ ішкі құжаттарын басқару	
2.2 Қызмет сапасының халықаралық деңгейі	
2.3 Мекеменің Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
2.3.3 Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджмент жүйесі (ДҚЖЕКҚ)	50
2.3.4 Сапа менеджменті бойынша ұсыныс	58
Қорытынды	59
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	60
А қосымшасы	61
Ә қосымшасы	62
Б қосымшасы	63

КІРІСПЕ

ИСО 9001-2015, ИСО 14001-2015 және ISO 45001:2018 Кәсіптік қауіпсіздік және денсаулық менеджменті стандарттары негізінде (интеграцияланған) сапа менеджменті жүйесін енгізуге үлкен назар бөлінген. ДСҰ талабында бұл мәселелер ҚР-на маңызды болып табылады. Өмір сүру сапасына елеулі әсер ететін материалдық орта болып табылады, яғни тауар мен қызмет сапасы. Сондықтан да өнім мен қызмет сапасының мәселесі қазіргі таңда актуалді болып отыр. Мемлекет экономикасының тұрақтылығы осы стратегиялық мәселенің шешілуіне байланысты. Көптеген өндіріс түрлері, жобалау калективтері мен қызмет саласын біріктіретін сапаны жақсарту процесі тауар мен қызметті өткізу барысында пайда табуға ғана емес сонымен қатар жалпы қоғамға және оның мүддесіне де қажет. Кәсіпорын қызметінің басты мақсаты мұнай газ өндіу аясында көшбасшылыққа жету және тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету және одан пайда табу.

Өз мақсаттарына жету жолында кәсіпорын келесі мәселелерді шешуге даяр.

- барлық процесстер сапасының үздіксіз жоғарлауы және технология мен механиканың дамуы;
- тұтынушылар рыногы сұранысының күнделікті зерттелуі;
- өзара түсінушілік негізінде тапысырыс берушілермен, шикізат пен материалдарды жеткізіп тұрушылар мен ұзақақытты қарым-қатынасты орнату;
- көрсетілетін қызмет сапасын ардайым жоғарылату;
- ақауларын пайда болуын және пайда болу себептерін айқындайтын шараларды қолдану;
- әр бір қызметкерге оның сапа саласындағы алатын маңызды көлік жеткізіп түсіндіру және кәсіпорынның басты мақсатына жету;
- жұмыс сапасының жоғарлауына ендірілген ұсыныстар мен сапалы жұмыс үшін қосымша қаражат бөлу;
- барлық сатыдағы қызметтің квалификациясын жоғарлату және жүйелік білім беруді ұйымдастыру;
- қоршаған ортаны қорғау мәселелеріндегі іс-әрекеттерін кеңейту.

Кәсіпорын басшылары басты мақсаттарға жету ИСО 9001 жүйесіне сай жеткізуге болады және ал тұтынушылардың кәсіпорынға сенімділігін жоғарлатады деп санайды. Кәсіпорын басшылары қойылған мақсаттарға жетуді әрбір қызметкердің сапаны жоғарлату жолында жеке және калективті жұмысы принципіне сүйенеді деп санайды.

Қазір мұнайдан неше түрлі өнімдер алады: синтетикалық волокно, пластмас, органикалық қышқылдар, бензин, спирт, синтетикалық еріткіштер және тағы басқалар. Мұнай өнімдерінің сапасын анықтау және жіктеуін кодтауын талдау тақырыбы бойынша бұл дипломдық жұмыста келесі жұмыстар жасалады. «Алғашқы мәлімет» бөлімінде базалық, басшылық және анықтама мәліметтері көрсетілген. Мұнай өнімдерінің классификасы бөлімінде өнімнің классификациясы және кодтау туралы жазылған. «Өнімнің сапасын анықтау» бөлімінде:

- өнім сапасының жалпы мағлұматы;
- сапа көрсеткіштердің номенклатурасын анықтау;
- өнім сапасының деңгейін бағалау;
- сапаны басқарудың негізгі кезеңдер;

- сапа жүйесін қамтамасыз етудегі алғашқы мәлімет;

ЖШС “North Caspian Operating Company” халықаралық деңгейдегі сертификаты кәсіпорын қызметінің жоғары сапалы деңгейде атқарылатындығының кепілі ретінде ISO 9001:2001 сәйкес 2017 жылдың 14 қыркүйегінде сапа менеджменті жүйесінің сертификаты Moody International Certification компаниясымен табыс етілді. Сонымен бірге мекеменің интеграцияланған сапа менеджмент жүйесі элементтері қарастырылды.

1 Дипломдық жобаны дайындау барысында алғашқы мәлімет

ЖШС “North Caspian Operating Company” өнімінің сапа менеджмент элементін талдау тақырыбы бойынша дипломдық жұмысты жасау үшін базалық мәлімет ретінде сандық және сапалық сипаттамалары, мұнай өнімдердің құрамы және негізгі параметрлері, қабылдау ережелері, бақылау мәліметтері, бақылау әдістері, маркировка, қаптау, тасымалдау, сақтау және т.б. мәліметтер қолданылды.

Басшылық мәліметіне:

- тәжірибе материалдар;
 - басшылық нормативті құжаттар (РД 50-149-79 «Өнеркәсіп өнімдердің сапасын бағалау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар»);
 - МЕСТ Р 51858-2012 «Мұнай. Жалпы техникалық шарттар»
 - ҚР ст 1347-2015 жалпы техникалық шарттар;
 - сынауларды алу әдістері ГОСТ 25 17-85;
 - мұнай және мұнай өнімдері ГОСТ 1510-84;
- Халықаралық стандарттар ИСО 900-2001 сапа менеджментінің жүйесі бойынша.

Анықтама мәліметіне:

1) ҚР СТ * 1319-2014 (ИСО 3838-2004) Шикі мұнай және сұйық немесе қатты мұнай өнімдері. Тығыздықты немесе салыстырмалы тығыздықты анықтау. Тығыны бар капиллярлық пикнометрді және өлшемделген екікапиллярлық пикнометрді қолдану әдістері.

2) ҚР СТ* 1312-2014 (ИСО 9030-199Щ Шикі мұнай. Су мен жауын-шашын құрамын анықтау. Центрифуга қолданылатын әдіс.

3) ҚР СТ* 1314-2004 (ИСО 9092-1990) Шикі мұнай. Су құрамын анықтау. Дистилляттау әдісі.

4) ҚР СТ ИСО 3675-2014 Шикі мұнай және мұнай өнімдері. Тығыздықты гидрометрлік әдіспен зертханада анықтау әдісі.

5) ҚР СТ ИСО 3735-2014 Шикі мұнай және мазуттар. Жауын-шашын құрамын анықтау. Экстракция әдісі.

6) ҚР СТ ИСО 10336-2014 Шикі мұнай. Су құрамын анықтау Карл Фишердің потенциометрлік титрлеу әдісі.

7) ҚР СТ ИСО 10337-2014 Шикі мұнай. Су құрамын анықтау. Карл Фишердің кулонометрлік титрлеу әдісі бойынша.

8) ҚР СТ 1321 -2004 (ИСО 14596-1998) Мұнай өнімдері. Күкірт құрамын анықтау. Толқын ұзындығы бойында дисперсиялы рентген флуоресценциясы.

9) ҚР СТ ГОСТ Р 50779.10 -2013 Статистикалық әдістер. Статистика ықтималдығы мен негіздері. Терминдер мен анықтамалар.

10) МСТ 12.0.004 - 90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігіне үйретуді ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

11) МСТ 12.1.004 - 91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы ережелер.

12) МСТ 12.1.005 - 88 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағының ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

13) МСТ 12.1.007 - 76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Сыныптау және жалпы қауіпсіздік талаптары.

14) МСТ 12.1.011-78 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жарылыс қаупі бар қоспалар. Сыныптау және сынау әдістері.

15) МСТ 17.2.3.02 - 78 Табиғат қорғау. Атмосфера. Өнеркәсіп орындарының сыртқа зиянды заттар шығаруының жол беруге болатын мөлшерін анықтау ережелері.

16) МСТ 17.5.3.04-83 Табиғат қорғау. Жерді қайта шұрайландыруға қойылатын жалпы талаптар.

17) МСТ 33 - 2015 Мұнай өнімдері. Мөлдір және мөлдір емес сұйықтар. Кинематикалық тұтқырлықты анықтау және динамикалық тұтқырлықты есептеу.

18) МСТ 1437-75 Қошқыл мұнай өнімдері. Күкіртті анықтаудың жеделдетілген әдісі. МСТ 1510-84 Мұнай және мұнай өнімдері. Таңбалау, буып-түю, тасымалдау және сақтау.

19) МСТ 1756 - 2000 Мұнай өнімдері. Қаныққан бу қысымын анықтау.

20) МСТ 2177-99 Мұнай өнімдері. Фракциялық құрамды анықтау әдістері.

21) МСТ 2477- 65 Мұнай және мұнай өнімдері. Су құрамын анықтау әдісі. МСТ 2517-85 Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамалар алу әдістері.

22) МСТ 3900-85 Мұнай және мұнай өнімдері. Тығыздықты анықтау әдістері.

23) МСТ 6370—83 Мұнай, мұнай өнімдері және қосымдар. Механикалық қоспаларды анықтау әдістері.

24) МСТ 11011-85 Мұнай және мұнай өнімдері. Фракциялық құрамды АРН-2 аппаратында анықтау әдісі.

25) МСТ 11851—85 Мұнай. Парафинді анықтау әдісі.

26) МСТ 19433—88 Қауіпті жүктер. Сыныптау мен таңбалау.

27) МСТ 20287-91 Мұнай өнімдері. Аққыштық пен қату температураларын анықтау әдістері.

28) МСТ 21534—76 Мұнай. Хлорлы тұздар құрамын анықтау әдістері.

29) МСТ 31072-2002 Мұнай және мұнай өнімдері. Тығыздықты, салыстырмамы тығыздықты және АР1 градустарындағы тығыздықты ареометрмен анықтау әдісі.

30) МСТ Р 8.599-2003 Мұнай тығыздығы мен көлемі. Тығыздық пен массаны қайта есептеу кестесі.

31) МСТ Р 8.601-2003 Мұнай мен мұнай өнімдерінің қаныққан буының қысымы. Өлшеулерді орындау әдістемесі.

32) МСТ Р 50802-95. Мұнай. Күкіртті сутегін, метил- және этилмеркаптандарды анықтау әдісі.

33) МСТ Р 52247-2004. Мұнай. Хлорорганикалық қосындыларды анықтау әдістері.

34) ASTM D 86-2004 Мұнай өнімдері. Атмосфералық қысым кезінде айдаудың стандартты әдісі.

35) ASTM D 97a - 1996 Мұнай өнімдері. Аққыштық кемитін температураны анықтаудың стандартты әдісі.

36) ASTM D 323-1999 а Мұнай өнімдері. Бу серпімділігін анықтаудың стандартты әдісі (Рейд әдісі).

37) ASTM D 445- 1997 Мөлдір және мөлдір емес сұйықтар. Кинематикалық тұтқырлықты анықтау және динамикалық тұтқырлықты есептеу.

38) ASTM D 1160-1995 Мұнай өнімдері. Қысым төмендеген кезде фракциялық құрамды анықтау әдістері.

39) ASTM D 3230-1999 Шикі мұнай. Тұздарды анықтаудың стандартты әдісі (Электрометрикалық әдіс).

40) ASTM D 4006-2000 Шикі мұнай. Сукұрамын айдаумен анықтаудың стандартты әдісі.

41) ASTM D 4294-1998 Мұнай және мұнай өнімдері. Күкіртті толқын ұзындығы бойында дисперсиялы рентген флуоресценциясымен анықтау әдісі.

42) ASTM D 4929-1998 Шикі мұнай. Органикалық хлоридтерді анықтаудың стандартты әдісі.

43) ASTM D 5623-1994 Мұнай өнімдері. Жеңіл мұнай фракцияларында бар күкіртті қосындыларды газ хроматографиясымен анықтаудың және күкіртті селективті анықтаудың стандартты әдісі.

44) ASTM D 5853-1995 Шикі мұнай. Аққыштық кемитін температураны анықтаудың стандартты әдісі.

45) ASTM D 63 77-2003 Шикі мұнай. Бу серпімділігін анықтаудың стандартты әдісі: VPCR_x (Кернеу әдісі).

1.1 ЖШС “North Caspian Operating Company” кенорнының жалпы сипаты

Қазіргі кезде компания әлемдегі ең ірі және анағұрлым тәжірибелі жеті энергетикалық компаниямен жұмыс жасайды. Олар: «ҚазМұнайГаз» (16,88%), «Эни» (16,81%), «Шелл» (16,81%), «ЭксонМобил» (16,81%), «ТотальЭнерджис» (16,81%), ҚҰМК (8,33%) және «Инпекс» (7,56%) компаниялары. Акционерлердің әрқайсысы өнімдегі өзінің жеке үлесін тасымалдау мен өткізу үшін, есеп беру және сол өнімді СКӨБК-ге сай Үкіметпен бөлісу үшін жеке-жеке жауапкершілік атқарады.

Компанияның жүйелері мен процестерінің анағұрлым қатаң халықаралық стандарттарға сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін NCOC компаниясы келесі стандарттар бойынша сертификаттаудан өтті:

ISO 45001:2018-Кәсіптік қауіпсіздік және денсаулық менеджменті жүйесі (Б қосымшасы);

ISO 14001:2015-Экологиялық менеджмент жүйесі (Ә қосымшасы);

ISO 9001:2015-Сапаны басқару жүйесі. Барлығы бірге NCOC компаниясының корпоративтік басқару жүйесін құрайды. (А қосымшасы)

Осы сертификаттарға сәйкестікті бағалайтын тәуелсіз сараптама NCOC компаниясынан стандарттарға сәйкестікті тұрақты түрде растауды ғана емес, сонымен қатар басқару жүйелерін үнемі жақсартып отыруды талап етеді.

ЖШС “North Caspian Operating Company” (NCOC) Маңғышлақ түбегінің Оңтүстік Маңғышлақ деп аталатын даласында орналасқан. Орфографиялық жағынан Оңтүстік Маңғышлақ ауданы оңтүстіктен батысқа иілген, теңіз жағынан абсолют өлшемі солтүстікке қарай +260м. Ал оңтүстікке +24 метр болады. Ауданы рельефті қиын құрылымды. Өзен ойпатының көлемі 500 км, солтүстікке, оңтүстік шығысқа шығыс бөлігі күрт өзгереді. Ойпат түбі терең жыралармен бөлінген, оның ең төменгі бөлігі +30м. Әкімшілік тарапынан кенорын аймағы Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысына кіреді.

ЖШС “North Caspian Operating Company” – Ақтау қаласынан 180-200км арақашықтықта орналасқан. Кенорын көп қабатты, күрделі құрылымды, бор және юра шөгінділері қимасында XXV-өнімді қабатқа бөлінген. Олардың I-XII-қабаттарында (төменгі бор шөгінділері) стратеграфиялық I-қабат және юра шөгінділерінен (XII-қабат) тұратын аралас кездесетін құм, алиевралит және сазды жыныстардан тұрады. Бұл қабаттардың өткізгіштігі газбен қаныққан негізі өнімді қабаттарда, ал XIII-XVIII-қабатты газды мұнай.

ЖШС “North Caspian Operating Company” кенорнының мұнайы ерекше қасиеттерімен де белгілі. Оның құрамында парафин (24%), асфальт, смола сияқты заттар көптеп кездеседі. Айналаның температурасы 32⁰ С ыстықтың өзінде парафин мұнайдан бөлініп, ата бастайды. Әртүрлі құнарлы қабаттардың мұнайы бір-бірімен көп айырмашылығы жоқ, жеңіл, меншікті салмағы 0,763+0,777 гсм³ болады

Аудан климаты континентті, жазы-ыстық, ал қысы-аз қарлы, желі-қатты боранды. Аудан желді, оның орташа жылдық жылдамдығы 6-8 мс , жауын-шашын аз, өсімдіктер мен жануарлар мол және шөлейтке бейімделген.

ЖШС “North Caspian Operating Company” кенорнында қабатты күрделі құрылымды бор және юра қимасында XXV-өнімді қабаттар бөлінген. Олардың I-XII-қабаттары стратеграфиялыққа турондық (I-қабат), сеноманды(II-қабат), альбский (III-XI-қабаттар) және неоколский (XII-қабат) тұратын аралас кездесетін құм, алиевралит және газды жыныстар жатады.

XIII-XVIII негізгі мұнайлы қабаттар юра жасында мұнай газдылық қимасының жоғарғы сатысына жатады, тереңдігі 1800, 1370 м. Мұнайдың негізгі қоры бар XIX-XXV-өнімді қабатта мұнай газдылығының төменгі қатарына жатады. Оларда кейде жаппай мұнайлы, мұнай-газды және газды кеніштер болады.

XIII-XXV-өнімді қабаттарының мұнайлылығының алғашқы нұсқасын геологиялық және геофизикалық зерттеулер кезінде олардың қозғалыссыз жағдайда жатқандығы анықталады.XIII-XVIII-қабаттардың геологиялық құрылымының жалпы сипаттамасы жобада берілгенмен тәжірибемен салыстырғанда аз өзгерген. Қабаттар үшін берілгендер 1-кестеде көрсетілген.

1.1-кесте

Жоғарғы қатардың өнімді қабаттарының сипаттамасы

P/c	Қабаттар	Орташа орналасу тереңдігі	Түрі		Орташа тиімді қалыңдығы	Абсолют белгі	
			Кеніш	Өткізгіш		ВНК	ГНК
0	1	2	3	4	5	6	7
1	XIII	1080	Қабатсуы	Терригенді		1126	
2	XIV	1200			252	1136	
3	XV	1200			153	1140	
4	XVI	1240			95	1140	
5	XVII	1280			242	1141	1036
6	XVIII	1370			178	1145	

Мұнай газдылығының төменгі қатарындағы XIX-XXIV-өнімді қабаттардың геологиялық құрылысы, қабаттардың газдылығының жоғарғы қатардың құрылысы

ерекшеленеді, актенентальді құрылысының негізгі қор күрделендіре түседі. Ол оның батыспен оңтүстік батыс барысы Мұрын, шығыс Қарамандыбас күрделендіре түседі.

Мұнайлылықтың төменгі қатардағы мұнай қасиеті куполдан-куполға өзгереді. Сондықтан әрбір купол бойынша орташа мағына берілген. (2-кесте)

1.2 -кесте

Төменгі қатардың өнімді қабаттарының сипаттамасы

P/ с	Қабаттар	Орташа орналасу тереңдігі	Түрі		Орташа тиімді қалыңдығы	Абсолют белгі	
			Кеніш	Өткізгіш		ВНК	ГНК
0	1	2	3	4	5	6	7
1	XIXA	1390	Қабатсуы	Терригенді	3,3	1372	1143
2	XIXБ	1480				1372	
3	XXA	1490	Газды		3,4		
4	XXБ	1560			5,2		
5	XXIA	1607	Қабатсуы			1520	
6	XXIB	1640				1569	
7	XXIIA	1690				1608	
8	XXIIB	1730		Терригенді		1533	

XIX-XXIIB-қабаттарындағы мұнай қабат жағдайында жеңіл, аз тұтқырлықты, оның газ құрамы орташа мұнайға жақын.

1.2 Мұнай өнімдерді қолдану салалары және мақсаттары

Мұнай және табиғи газ әлемдік экономикада орны өте үлкен. Мұнай, газ олардың өнімдері шаруашылықтың барлық салаларында қолданылады: көлікте, медицинада, кеме құрылысында, ауыл шаруашылығында, тоқыма өнеркәсібінде және энергетикада және т.б. салаларда.

Мұнай көмір сутегі, күкірт, азот және оттегі қосындылардан тұратын табиғи қоспа болып табылады. Ол табиғи жанар қазбасы болып табылады және басқа пайдалы қазбалардан құрамында сутегі мөлшерінің көптігімен және жану процесінде шығатын жылу энергияның көптігімен ерекшеленеді. Қазіргі таңда мұнайды пайдалануда шикізат алу, берілген қасиеттері бар материалды жасау және химиялық фармоцевтикалық өнімдер алу. Органикалық химия, мұнай химия және физикалық химия түйісінде пайда болған мұнай жаңа ғылым-мұнай химиясын жасады.

1.3 Мұнай өнімдерінің классификациясы

Өнеркәсіптік өнім – еңбек процесінің материалдық нәтиже болып табылады, яғни пайдалы қасиеттері бар және тұтынушылардың қоғамдық және жеке тұтынушылық мақсаттарын қанағаттандыру үшін арналған.

Сапаның көрсеткіштері бойынша өнімнің сапа деңгейін бағалау үшін өнімдердің классификациясын жасау қажет.

Өнімнің классификациясы:


- белгілі өнім тобының бірлік көрсеткіштер номенклатурасын таңдау үшін қолданылады;

- өнімнің қолдану аймағын анықтау үшін;

- нақты өнімнің немесе бірнеше өнімдердің базалық үлгі ретінде таңдаудың мүмкіндігін дәлелдеу үшін;

- өнімдердің сапа көрсеткіштер номенклатурасы бойынша мемлекеттік стандарттар жүйесін құру үшін;

1-суретте көрсетілгендей барлық өнімдер сапа деңгейін бағалау үшін 2 классқа бөліну мүмкін:



1-сұлба. Өнімдер классификациясы

1) қолдану негізінде жұмсалатын өнімдер;

2) өнімнің өз ресурсын жұмсайтын өнімдер.

Бірінші кластың өнімдері, оларды қолдану процесінде жұмсалады. Бұл жерде өнімнің өңдеуі қайтарылмайтын процесі жүреді, яғни шикізат, материал, жартылай фабрикат, жану, тұтыну.

Кейбір жағдайларда қайта процесі жүру мүмкін, яғни еріткіштердің регенерациясы.

Екінші класс өнімдерін қолдану кезінде оның ресурстары жұмсалады. Бұл жерде өнімдер техникалық немесе моральды ескіргенге дейін қолданады. Екінші класс өнімдері жөнелетін және жөнделмейтін өнімдер болып бөлінеді.

Өнімдер классификациясы бойынша мұнай өнімін 1-ші класс 2-ші топқа жатқызуға болады.

1.4 ЖШС “North Caspian Operating Company” кенорнындағы мұнай өндірісінің сапалық көрсеткіштері

Мұнай өнімдерінің сапасын анықтау

Мұнай өңдеу мынадай процесстерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- мұнайды электрмен сусыздандыру және тұзсыздандыру;

- сусыздандырылған және тұзсыздандырылған мұнайды алғаш айдау;

- бензиндерді, реактивті және дизел отындарын сумен тазалау;
- бензин фракцияларының каталитикалық риформингі;
- каталитикалық крекинг;
- газбен фракциялау;
- мұнай битумдарын өндіру;
- кокс өндіру;
- күкірт өндіру.

Шикі мұнай - қалыпты атмосфералық температура мен қысым кезінде үлес салмағына қарамастан қойылатын қойнаудан сұйық күйінде алынатын кез келген көмірсутектер. Соның ішінде дистиллят немесе конденсат деген атаумен белгілі табиғи конденсациялану жолымен табиғи газдан пайда болған сұйық көмірсутектер.

Тауарлы мұнай - белгіленген тәртіппен қабылданған, қолданыстағы нормативтік және техникалық құжаттардағы талаптарға сәйкес тұтынушыға жөнелтуге дайындалған мұнай.

Физикалық - химиялық қасиеттері, дайындалу деңгейі, көмірсутек пен жеңіл меркаптандар құрамы бойынша мұнай сыныптарға, тұрпаттарға, түрлерге бөлінеді.

Мұнай құрамына байланысты төрт сыныпқа бөлінеді:

- 1) сынып - аз күкіртті;
- 2) сынып - күкіртті;
- 3) сынып - мол күкіртті;
- 4) сынып - ерекше мол күкіртті.

Тығыздығы, фракциялардың шығуы және парафиннің массалық үлесі бойынша мұнай қосымша бес түрге бөлінеді:

- 1) ерекше жеңіл;
- 2) жеңіл;
- 3) орташа;
- 4) ауыр;
- 5) битуминозды.

Өзірлеу деңгейі бойынша мұнай үш топқа бөлінеді:

- 1 - бірінші;
- 2 - екінші;
- 3 - үшінші.

Мұнайдың шартты белгісі мұнай сыныбының, тұрпатының, тобының және түрінің белгілеріне және осы стандарт белгілеріне сәйкес келетін төрт цифрдан құрылған. Мұнайды экспортқа шығару кезінде тұрпат белгісіне *э* индексі қосылады. Мұнай:

Сынып - х

Тұрпат -х

Топ - х

Түр-х

Осы стандарттың белгісі - х

Өндірілетін, қабылданатын және тұтынушыларға тапсырылатын мұнай осы стандарт талаптарына сәйкес келуге тиіс.

1.5 Сапа көрсеткіштерінің номенклатурасын анықтау және бағалау

Сапаның номенклатурасын таңдаған кезде өнімнің қасиеттерінің сандық сипаттамаларының тізімі белгіленеді. Бұл қасиеттер сапаның құрамына кіреді және өнімнің деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Бағалау және сапа көрсеткіштердің номенклатурасын таңдау дәлелі келесі мәселелер есепке алынып жүргізіледі:

- тағайындалу және өнімнің қолдану шарттары;
- тұтынушылар талаптарын талдау;
- өнімнің сапасын басқару мақсаттары;
- сипаттаушы қасиеттердің құрамы мен құрылымы;
- сапа көрсеткіштерге қойылатын негізгі талаптар.

Өндірілетін, қабылданатын және тұтынушыларға өткізілетін мұнай күкірт үлесі бойынша 3-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес болу керек.

1.3-кесте

Мұнайдағы күкірт үлесінің көрсеткіштері

Мұнай классы	Күкірт салмақты үлесі %
1	0,60 дейін қоса
2	0,61 дейін бастап
3	1,81ден 3,50 дейін
4	3,50ден жоғары

Тығыздылық көрсеткіші және мұнайдағы парафиннің салмақты үлесі бойынша 4-кестеге сәйкес болу қажет.

1.4-кесте

Мұнайдың тығыздылық көрсеткіші

Көрсеткіштердің аталуы	Типті мұнай үшін нормалар				
	0	1	2	3	4
20 ⁰ С 15 ⁰ С дегі Тығыздылық кг/м ³	830,0 жоғары емес 834,5 жоғары емес	830,1- 859,0 834,6- 854,4	850,-870,0 854,5- 874,4	870,1-895,0 874,5-899,3	895,0 жоғары емес 899,3 жоғары емес

Мұнайдың дайындау дәрежесі бойынша 5-кестеде көрсетілген сапа көрсеткіштерге сәйкес болу қажет.

1.5-кесте.

Мұнайдың дайындалуы

Көрсеткіштер	Мұнайдың топтар нормалары		
	1	2	3
1. Судың салмақты үлесі, % жоғары емес	0,5	0,5	1,0
2. Хлорлы тұздар мөлшері, мг/дм ³ жоғары емес	100	300	900
3. Механикалық қоспалардың үлесі, % жоғары емес	0,05		
4. Қою булардың қысымы, кПа жоғары емес	66,7 (500)		
5. Хаорорганикалық қоспалардың мөлшері, млн ⁻¹	Нормаланбайды		

Мұнайдың түріне байланыс күкірт сутегі және жеңіл меркаптанның мұнайдағы салмақты үлесі 6-кестеде көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес болу қажет.

1.6-Кесте

Күкірт сутегі және жеңіл меркаптанның мұнайдағы салмақты үлесі

	Мұнай түрінің нормалары			
	0	1	2	3
1. Күкірт сутегі салмақты үлесі, млн ⁻¹ (Дот), жоғары емес	10	20	50	100
2. Метил және этил меркаптанның соммадағы салмақты үлесі, млн ⁻¹ (Дот), жоғары емес	30	40	60	100

Бақылаудың тез орындалуын жоғарылату үшін қажетті параметрлерінің аз мәндерін таңдап алу қажет. Сонымен бірге таңдап алынған параметрлер өнімнің сапасын анықтай алатындай дәрежеде болуы керек. Бұл таңдап алынған параметрлер бұйымның барлық критерилерін сипаттай алатындай жағдай туғызу керек.

Жоғарыда айтылғандай сапаны бақылау бұл сапаны басқару жүйесінің міндетті қызметі болып табылады. Сондықтан сапаны басқару жүйесі қаншалықты жүйелі ұйымдастырылғаны сапаны бақару жүйесінің ұйымдастырудың тиімділіг анықтауға мүмкіндік береді. Бақылау жүйесі келесі элементтерден тұрады:

- сапаны бақылау сатысына байланысты бақылау объектісінен;
- бақылау операциясынан және оның реттілігінен;
- бақылаудың ережесінен, әдісінен және құралынан;
- механикаландыру құралынан және бақылауды автоматтандырудан;
- құжаттамадан;
- сәйкес білікті мамандандырылған орындаушыдан.

3.2-сұлба. Сапаны анықтауда статистикалық бақылауды енгізу сатылары

Жоғарыда айтылғандай сапаны бақылау бұл сапаны басқару жүйесінің міндетті қызметі болып табылады. Сондықтан сапаны басқару жүйесі қаншалықты жүйелі ұйымдастырылғаны сапаны бақару жүйесінің ұйымдастырудың тиімділіг анықтауға мүмкіндік береді. Бақылау жүйесі келесі элементтерден тұрады:

- сапаны бақылау сатысына байланысты бақылау объектісінен;
- бақылау операциясынан және оның реттілігінен;
- бақылаудың ережесінен, әдісінен және құралынан;
- механикаландыру құралынан және бақылауды автоматтандырудан;
- құжаттамадан;
- сәйкес білікті мамандандырылған орындаушыдан.

2 “North Caspian Operating Company” ЖШС-нің қызмет сапасын жетілдіру

2.1 Сапа менеджмент жүйесін талдау

2.1.1 СМЖ ішкі аудитын ұйымдастыру

“North Caspian Operating Company” ЖШС-нің сапа менеджмент жүйесінің ішкі аудитін жүргізудің жоспарлы реттілігі бекітіледі.

Жылдың желтоқсан айында сапа бойынша басшылық өкілі келесі жылға ішкі тексерістерді жүргізу тәртібінің жоспарының жобасын құрастырады. Сапа бойынша басшылық өкілі (СБӨ) тәртіп –жоспарының жобасын құрасытру кезінде бөлімшелерден түскен кінәрат- талаптардың бар болуын, өткен ішкі тексерістің қорытындыларын, орындалатын жұмыстың маңыздылығын және күрделігін ескереді. Сапа бойынша басшылық өкілі тәртіп-жоспарының жобасын директорға бекіту үшін

тапсырады.

Бекітілген ішкі тексерістің тәртіп-жоспары жоспарланған жылдың 20 қаңтарынан кеш шықпауы тиіс.

Стандарттау бойынша маман сапа менеджмент жүйесінің ішкі тексерістерін жүргізудің тәртіп- жоспарымен тексеру тәртібіне кіргізілген барлық бөлімшелердің басшылығын және лауазымды тұлғаларды, сонымен қатар аудит бойынша топ басшыларына таныстыруды және тіркеуді іске асырады және құжатты ішкі тексеріс бойынша мәліметтерді істің номенклатурасына орналастырады.

Тәртіп-жоспарды құрастыру кезінде ұйымның құрылымына кіретін, қызметтер мен ұйымның бөлімшелері жылдық мерзім ішінде тексеруі тиіс.

Өндіріс процессінде істен шығатын жағдайлар пайда болған кезде, тапсырыс берушілерден кінәрат - талап түскен кезде, директордың сәйкес жазба түрдегі бұйрығына негізделіп, жоспардан тыс ішкі тексерістер тағайындалады.

Тексеріс жүргізуге дайындық. Бөлімшелердің ішкі тексерістерін жүргізуге тағайындалған аудит бойынша топтың басшысы, тәртіп жоспарына сәйкес, тексеруге дейін жобамен 2-3 апта бұрындағы бағдарлама құрастырады (В қосымшасы) және Сапа бойынша Басшылық өкілі бекітеді.

Ішкі тексерістің бағдарламасын құру кезінде аудит бойынша топтың басшысы тексерістің мақсатын тұжырымдайды, тексерістің көлемін анықтайды, аудиторлар тобының құрамын іріктейді.

Аудит бойынша топтың басшысы топ құрамын бекітілген тексеріс бағдарламасымен таныстыру жүргізеді.

Ішкі тексеріске дайындық кезінде аудит бойынша топтың жетекшісі, ұйым және бөлімшелердің жұмысында қолданылатын СТ РК ИСО 9001 талаптарын, “North Caspian Operating Company” ЖШС-нің сапа бойынша басшылықты, ішкі және сыртқы нормативтік құжаттарды ескеретін, сұрақтардың тізімін (чек-парағы) құруына болады.

Ішкі аудиттің басталуына бір апта бұрын аудит бойынша топтың жетекшісі тексерілетін бөлімшенің басшысына немесе лауазымды тұлғаға тексеру мерзімі, топтың құрамы туралы хабардар етеді және бағдарламаның бір данасын тапсырады.

Бөлімшенің басшысы өзінің қызметкерлерін алдағы аудит жөнінде хабардар етеді және қажетті құжаттарды дайындайды.

Аудиторлар тобын жиынтықтауда қиыншылықтар туындыған кезде аудит бойынша топтың басшысы бойынша Басшылық өкіліне жүгінеді.

Ішкі тексерістердің жүргізілуі. Ішкі тексеріс аудиторлар тобының ұйым қызметкерлері және басшыларымен кіріспе жиналысынан басталады. Жиналыста тапсырмалар мен тексеру әдістерінің түсіндірілуі жүргізіледі, белгіленген бағдарламаның бөлшектері анықталады, мәліметтер, құжаттар көрсетіледі.

Ішкі тексерісті жүргізу процессі кезінде, тексеріліп жатқан бөлімшенің қызметкерлерін сұрастыру, құжаттарды зерделеу және бақылау жүргізу тәсілдерін қолдана отырып объективті дәлелдемелер жинақталады.

Тексеріс кезінде алынған барлық мәліметтерді аудиторлар чек –парақта немесе арнайы блокнотта, дәптерде бекітеді. Тексерістің әрбір күнінің соңында аудит бойынша топтың басшысы аудиторлармен нәтижелерді талқылайды, табылған сәйкессіздіктерді сараптайды, қандай құжаттар, бөлімдер немесе пункттер бұзылғандығын анықтайды.

Ішкі тексеріс ұйым қызметкерлерінің аудиторлармен қорытынды кездесуімен аяқталады. Мұнда тексеріс нәтижелерімен танысу, түсініспеген бөліктердің анықталуы, әр жақтың пікірлерін тыңдаудан тұрады. Аудит бойынша топтың басшысы “North Caspian Operating Company” ЖШС-нің сапа менеджмент жүйесінің шеңберінде жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар айтады.

Тексеріс нәтижелерін рәсімдеу. Тексерістен кейін аудит бойынша топтың басшысы ішкі тексеріс бойынша Қорытынды құрастырады, сонымен қатар әрбір табылған сәйкессіздікке Акты толықтырылады.

Сәйкессіздік жөніндегі Қорытынды мен Акттер аудит бойынша топтың басшысымен тексеріс аяқталғаннан кейін (қорытынды жиналыстан кейін) үш күннің ішінде 2 дана түрінде рәсімделуі керек.

Сапа менеджмент жүйесінің ішкі тексерістері бойынша Қорытындының идентификациясы тіркеу күні бойынша жүргізіледі.

Сәйкессіздік жөнінде Актардың идентификациясы тіркеу күні бойынша жүргізіледі.

Тексеріліп жатқан бөлімнің басшысы (тексерілетін лауазымды тұлға) сәйкессіздіктерді және себептерді жою бойынша іс-шараларды әзірлейді. Тұжырымдар және іс шараларды өткізу мерзімі аудит бойынша топтың басшысымен келісіледі және сәйкессіздік жөніндегі Акттың 3 бөліміне жазылады.

Жөндеу және жөндеу іс шаралары бойынша шаралардың әзірленуі 1-2 күннен аспайтын мерзімде орындалуы керек.

Ішкі тексеріс бойынша Қорытынды жөндеу және жөндеу әрекеттері бойынша тағайындалған шаралармен қоса сәйкессіздік жөніндегі Актты аудит бойынша топтың басшысы сапа бойынша Басшылық өкіліне келісуге және директорға бекітілуге жіберіледі. Келісу және бекіту процесі кезінде жөндеу әрекеттері бойынша сұрақтар туындағанда Акттар қажетті қолтаңбалармен қоса қайта рәсімделуі мүмкін.

Ішкі аудит бойынша Қорытындының көшірмесін сәйкессіздік жөніндегі Актпен тексеріліп жатқан бөлімнің басшысына (тексеріліп жатқан лауазымды тұлғаға) береді, ал түпнұсқасы сапа бойынша Басшылық өкіліне сәйкес беріледі.

Жөндеу жұмыстары бойынша шаралар тағайындалған кезде, орындалуына жауапкершілік тексеріліп жатқан бөлімнің басшысына емес, басқа лауазымды тұлғаға жүктеледі, оған орындау үшін сәйкес сәйкессіздік жөніндегі Акттың көшірмесі берілуі мүмкін, яғни ол кез келген тиімді әдіспен тіркеледі.

Директормен бекітілген, ішкі аудит бойынша Қорытынды (сәйкессіздік жөніндегі Актпен қоса), орындауға міндетті құжат болып табылады.

Ішкі аудиттің нәтижесі бойынша аудит бойынша топтың басшысы кең жайылған есеп береді, оның ішіне мыналар кіруі тиіс:

- 1) өткізілген ішкі тексерістің мақсаттары және шолу;
- 2) ішкі тексерісті өткізу күні;
- 3) тексеріс күнінің бекітілген тәртібінің мерзім сәйкестігі;
- 4) кіріспе және қорытынды жиналыстары жөнінде мағлұматтар;
- 5) ішкі аудитке қатысатын тұлғалардың тізімі;
- 6) тексерілген сапа менеджмент жүйесі құжаттарының тізімі;
- 7) бөлімшенің жұмыс істеуінің жақсы жақтарын көрсететін, сондай-ақ ішкі аудит кезінде айтылған барлық ескертулерді айқындайтын жалпы қорытынды;

8) аудитті өткізу мерзімінің бұзылуының себебі (егерде болса);

9) ішкі тексеріс кезіндегі шығарылған сәйкессіздік жөніндегі актқа сілтемелер;

10) өткізілген жұмыстың нәтижелерінен қорытынды.

Есептеулер келесі жағдайларда көрсетіледі:

- сапа бойынша басшылық өкілі талаптары;

- сапа аймағындағы МС ИСО 9001, ҚР ЖШС 40449454-001-06 талаптарына бөлімше қызметтерінің сәйкессіздігі жөнінде ішкі тексерістің нәтижесі бойынша қорытынды;

- қай кезде тексерістің ішкі нәтижелері бойынша сапа аймағында бөлімшелер жұмысының жоғары деңгейі және оның жұмыс тәжірибесінің басқа бөлімшелерге тарату мақсатымен жалпылау қажеттілігі жөнінде қорытынды.

Тексерістер және бақылау. Сапаның ішкі тексерістерінің жылдық тәртіп-жоспарының орындалуын бақылауды сапа бойынша басшылықтың өкілі атқарады.

Бекітілген тәртіп-жоспар уақытта тексерісті жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, сапа бойынша басшылықтың өкілі өкімдерді дайындауды немесе берілген тексеру мерзімінің ауысуы жөнінде шешімдерді іске асырады. Ішкі тексерістер кезінде пайда болған сәйкессіздіктерді жою бойынша іс - шараларды өткізуді тексеріліп жатқан бөлімдердің басшылары (тексерілетін лауазымды тұлғалар) іске асырады. Олар жөндеу және жөндеу әрекеттері бойынша шараларды өткізу шарасы жөнінде сапа бойынша басшылықтың өкілі мәлімдейді, ол жұмыстың орындалуын тексеру үшін және әрекеттердің тиімділігін бағалау үшін аудиторды жібереді. Егер аудитор сәйкессіздік жойылғандығын мойындасса, сәйкессіздік жөніндегі Актта сәйкес жазба жасайды.

Жөндеу және жөндеу іс шаралары бойынша шаралары бекітілген мерзімде орындалмаған жағдайда, мерзімді ауыстыру жөніндегі сұрақтарды сапа бойынша басшылықтың өкілі немесе директор шешеді.

Ішкі аудиттің нәтижелері және жөндеуді өткізудің және жөндеу іс-шараларының нәтижелері СТ ЖШС 40449454-016-07 сәйкес басшылық жағынан сапа менеджмент жүйесін сараптау кезінде және ұйымның жұмысын қорытындылау кезінде қолданылады.

Сарапшыларға талаптар. «“North Caspian Operating Company” ЖШС сапаның ішкі тексерісін жүргізуге аудиторларды сапаның ішкі тексерісіне дайындау бойынша арнайы дайындық оқуынан өткен және олардың біліктілігін көрсететін жеке куәлік (сертификат, куәлік) алған мамандар қатыстырылады.

Үш жылда бірден көп емес аудиторлар, олардың біліктілігін растау үшін, аккредиттелген ұйымдарда оқудан өтеді.

Ішкі аудиторлар ретінде ұйымда беделдікпен көзге түскен, байсалды, өз ойын толық дәлелдей алатын, жооғары мамандалған қызметкерлер іріктеледі.

Белгілі тексерісті жүргізу үшін тәуелсіздікті және объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында, өзінің жұмысы бойынша тексеру объектілерімен байланысы жоқ аудиторлар тағайындалады.

Лауазымдық жауапкершілік

Директор төмендегілер үшін жауапты:

- 1) берілген стандарттың және оларға өзгерістердің бекітілуі ;
- 2) ішкі аудиттің жылдық тәртіп- жоспарының бекітілуі;
- 3) ішкі аудиттің нәтижесі бойынша қорытындының бекітілуі;

4) сәйкессіздіктерді жоюдың мерзімін ауыстыру жөнінде шешімді қабылдау.

Сапа басшылығының өкілі келесілер үшін жауапты:

1) тексеріс бағдарламасын бекіту;

2) ішкі аудитті ұйымдастыру;

3) тексеру мерзімінің ауысуы мен жөндеу және жөндеу іс шараларын ауыстыру мерзімі жөнінде шешім қабылдау;

4) ішкі аудиттің жылдық тәртіп- жоспарының дайындығын және оның орындалуын бақылау ;

5) тексеру нәтижесі бойынша жөндеу және жөндеу әрекеттерінің орындалуының бақылауын ұйымдастыру.

Стандарттау бойынша маман ұйымда бекітілген талаптарға сәйкес ішкі аудиттің мәліметтері бойынша жұмыстың жүргізілуі үшін жауапты.

Аудиторлар мыналар үшін жауапты:

- өткізіліп жатқан аудит кезінде талаптың орындалуын;

- кадағалаулардың құжатталуы;

- аудит бойынша топтың басшысымен серіктестік;

- жөндеу және жөндеу әрекеттерін өткізуді тексеру.

Бөлімшелердің басшылары келесілер үшін жауапты:

1) аудиторлардың жұмысы үшін жағдайлар жасау, тексеру процесі кезінде қажетті құжаттармен қамтамасыздандыру;

2) сәйкессіздіктерді жою бойынша тиімді шараларды дайындау ;

3) бекітілген мерзімде толық көлемде жөндеу іс шараларының орындалуы.

2.1.2 СМЖ ішкі құжаттарын басқару

Сапа менеджмент жүйесінің ішкі нормативтік құжаттарын дайындау.

Сапа облысындағы Саясат пен Мақсаттардың қалыптасуы туралы шешімді Директор қабылдайды.

Директор сапа облысындағы саясатты сапа облысындағы мекеме қызметінің жалпы бағыттары мен мақсаттарынан шыға отырып тұжырымдайды, міндеттемелер талаптарға сай және күнделікті СМЖ дамытып отыруы қажет.

Директор сапа облысындағы саясат пен мақсаттарды дайындау үшін жауапты басшылық құрамынан атқарушыны тағайындайды.

Атқарушымен ұсынылған жоба мекеме басшылығымен талқыланады.

Саясат пен Мақсаттар мәтіндерінің ұсыныстары алдымен қарастырылады, содан кейін Директормен бекітіледі.

Осылайша алынған «Сапа облысындағы Саясат пен Мақсаттар» құжаттың түпнұсқасы стандарттау бойынша мамандардың ісінде сақталынады.

Сапа облысындағы Саясат пен Мақсаттардың қызметкерлерге дейін жеткізілуіне сапа бойынша басшылықтың өкілі жауапты болады.

Осы жұмыстың орындалуы әр түрлі жолдармен жүзеге асырылады:

1) түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2) таныстыру бетінде тіркеумен әрбір қызметкерді тікелей таныстыру;

3) мекеме бөлімшелерінде құжат түрінде рәсімделген Саясат пен Мақсаттардың көшірмесін тарату;

4) сапа саласында оқыту;

5) жиын барысында.

